

табиғат, махаббат тақырыптары да бар. Табиғат суретін бергенде ақын оны геройдың көңіл – күйімен, советтік шындықпен байланыстырады. Ғали «Өзен» деген өлеңінде өзенмен сырласа отырып, бұрынғы икемге көнбеген арман ғана болған көлді совет адамдарының өз игілігіне жаратып, бұғауланғанын шабытпен айтады. Осы шындықты ақын жырының арқауы етеді де, ол идея тамаша көркем формасын табады. Бұл өлеңде Ғ.Ормановтың өзіне тән стиль ерекшелігі айқындала бастағаны көрінеді. Ең алдымен ақын тек сыр шертуші ғана емес, суретші де:

Жінішке жіптей арықтар
Жете алмай шелгн үзілді
Бұлдырап өткен замандай,
Бұрылмай суын көп ақты.
Көңілде қалған армандай
Мөлдіреп алыс көл жатты, –

десе, сол өзеннің суы енді жерді құлпыртып жатқанда, оған жаңа теңеу іздейді, жерді анамен салыстырады:

Қуаның түлеп жер ана,
Құлпыра шықты гүл ұстап.

Бұл ақындық көргіштік, сезімталдықтан туған, бояуын дәл тауып реалистік өрнек алған суретшінің жасаған тапқыр суреті.

Ғали ақын табиғаттың қай түріне арнап жыр жазса да оған көңілдегі бір жылылық лепті сездіреді. Өте орынды теңеу табады. Өзінің жазған «Қырғыз жерінде» деген өлеңінде де ақын табиғат көрінісінен халықтар арасындағы ақындық сезімін, достықтың белгісін көреді, сөйтіп Ғали халықтар арасындағы ажырамас достықты жырлайды.

Ғ.Орманов ХХ ғасырдың 30–шы жылдардан бастап эпикалық жанрда да өз талабын байқап көрді. Жаңарған ауылдың өткені мен бүгінгісін көрсету ниетімен «Шәуілдір» атты ұзақ поэма жазды. Ғали ақынның есте қалар бір ерекше қасиеті – ол әртүрлі сәтті кезеңді тосып, дәл кезін күр өткізбей үн қосып қалмайды, ойы – қыры, қысы– жазы, қуанышы– мұңы бар үлкен өмірде солардың бірі мен бірінің байланысы– шиеленісі барын білетін, алманың өзімен бірге ағашын да, ағашымен бірге тамырын да тамырымен бірге суаруын да ойлай жүретін ақын еді.

Ғали ақынның тағы бір ерекшелігі – ол айтатын дегенін құлағына емес, жүрегіне айтатын еді, сөзбен емес бейнелеу, суреттеумен айтатын. Ғали лирикасының поэтикалық синтаксисі Абай өлеңдерін синтаксисіне тым жақын келеді. Ғалидың қаламымен қайта жөндеп артығын алып, жетпей жатқан жерлерін қосуы, оның өз шығармашылығына деген ұқыптылығын көрсетеді. Бұл қасиет-оның жылы сезімді, жатық тілді лирикасының жалпы құнын арттыра бермек.

1. Ғ.Орманов «Өмір дастаны», Алматы, 1948ж.
2. Ғ.Орманов «Емен», Алматы, 1944ж.
3. Ғ.Орманов Таңдамалы шығармалар жинағы, 4 томдық, Алматы, 1982-1984жж.
4. С.Қирабаев. «Кеңес дәуіріндегі қазақ әдебиеті». Алматы, 1977ж.
5. С.Сейітов «Өлең өлкесінде», Алматы, 1948ж.

Ғ.Орманов – поэт-лирик. У поэта Гали лирические сочинения не только на тему социального политика, он писал о природе и о любви.

G.Ormanov was a poet of lyric poem. Among its lyrical product there are verses on a theme of love, the nature and a policy and sociology.

Жапарова Асемжан

КОРМАК МАККАРТИ – ҚАЗІРГІ АМЕРИКАНДЫҚ ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ ДРАМАТУРГ

Кормак Маккарти – американдық прозашы және драматург. Ол 1933 жылдың 20 шілдесінде, Род-Айленд штатында, Провиденсте дүниеге келеді. Балаға «Чарльз» есімі беріледі, алайда ол оны ирланд королінің құрметіне «Кормак» деп ауыстырады. Аты-жөнінен көрініп тұрғандай, Кормак Маккарти тегі жағынан – ирландық. 1937 жылы Маккарти Ноксвилге,

Теннеси шатына көшіп келеді, аталмыш жерде ол католиктік мек-тебін бітіреді. Мектептен кейін, Теннесия уни-верситетіне оқуға түседі.

1953 жылы Маккарти әскерге шақырылады және 4 жыл бойы ВВС АҚШ-да әскери борышын өтейді. Әскерден кейін Маккарти университетке қайта оралады. 1957 және 1959 жылдары студенттік газетте өзінің алғашқы әңгі-

мелерін жарыққа шығарады ("A Drowning Incident" и "Wake for Susan"). Бұл литературалық дебют оған бірнеше жүлделер әкеледі (Ingram-Merrill Award for creative writing in 1959 and 1960). 1965 жылы Америка өнер және әдебиеттану академиясының стипендиясын ұтып алады. Жазушы Ирландияға аттанады. Осы жылы оның Фолкнердің ықпалымен жазылған, «The Orchard Keeper» атты кітабы жарыққа шығады. (1965 — McCarthy's editor at Random House was Faulkner's long-time editor, Albert Erskine). 1966 жылы Маккарти Рокфеллер Фондының грантына ие болады және соның арқасында ол Еуропаға саяхат турына шығады. Саяхат барысында жазушының тағы бір дүниесі жарық көреді, ол – күнә мен кешірім жайлы романы - «Outer Dark». 1967 жылы Америкаға қайта оралып, Теннес штатындағы Рокфор қалашығына тұрақтайды. Екі жылдан кейін «жазушылық шеберлігі» үшін Гугенхайм стипендиясына ие болады. 1973 жылы Маккартидің «Child of God» атты романы басылып шығады. Кітапта автор зорлық, расизм сияқты тақырыптарды қозғайды. Сыншылардың таңда-сында шек жоқ. 1979 жылы қаламгердің 20 жыл бойы жазған - «Suttree» атты төртінші романы жарық көреді. Қаламгердің балықшы Корнелиус Саттри жайлы кітабы - қарапайым жұмысшының өмірге талпынысын, құлшынысын суреттейді. Шығармада автобиографиялық мотивтер жоқ емес. Бұл туындының басқалардан ерекшелігі – автор сатира мен күлкі, әзіл-сықақ пен әжуаны көптеп қолданады. 1981 жылы Кормак Маккарти «дарындылығы үшін» Макаурт стипендиясының лауреаты атанады. 1985 жылы жазушының «Blood Meridian, or the Evening Redness in the West» атты жұртшылық мойындаған шедеврі дүниеге келеді. Роман скальптарды қуған аңшы-бандиттер жайлы жазылған. Бұл заманауи, терең ойлы вестерн. Дегенмен де, авторды көп адам бірден елей қойған жоқ. Тек 1992 жылда басылып шыққан "All the Pretty Horses" (Қазақшасы «Сәйгүліктер, сәйгүліктер...») романынан кейін оқырман қауым Маккартиді, оның қаламгерлік шеберлігін растап, мақұлдай бастады. Одан кейін - 1994 жылы жарық көрген «The Crossing» және 1998 жылғы «Cities of the Plain» атты жазушының дүниелері баспа бетін көрді, бұл екі туынды өз алдына - «Шекара трилогиясының» (The Border Trilogy) құрады. Алты айдың ішінде қатты мұқабада "All the Pretty Horses"-тың 190000 данасы сатылып шықты, ал New York Times газеті кітапты үздік бестселлер деп атады. Туынды Ұлттық кітаби жүлдеге ие болды. 2000 жылдан бастап Маккартидің шығармашылық

дүниесіне кинематографистердің көңілі ауды. Автор шығармаларының экранизациясы бірінен кейін бірі жарық көрді: 2000 жылы All the Pretty Horses (орысша прокатында фильм аты - «Неукротимые сердца»), режиссері - Билли Боб Торнтон, 2005 жылы ағайынды Коэндер түсірген No Country for Old Men («Егделерге мұнда орын жоқ») атты дүниесі экранизацияланады. Ал 2009 жылы The Road («Жол») атты туындыға Джон Хиллкоут фильм түсіреді.

Қазіргі таңда Кормак Маккарти Нью-Мексико штатында өзінің үшінші әйелі Дженифер Уинкли мен ұлы Джонмен бірге тұрады. 2007 жылы жазушы «Жол» атты романы үшін Пулитцер премиясының иегері атанады.

90 жылдарға дейін Маккартидің шығармашылығы көпшілік қауымға белгісіз еді. Оның кітаптары кішкентай таралыммен ғана шықты (әдетте, екі мың дана). Шығармалардың мазмұны қарапайым оқырманға түсініксіз, беймәлім еді. Өзгеше синтаксис пен пунктуация жұртшылықты үркітіп жіберді. Маккарти ешқашан сұхбат бермейтін, оның ойынша, барлық сұрақтар мен сауалдар жауаптарын оның кітаптарынан табуға болады. Жалпы жазушы өзінің шығармашылығы жайлы сөз қозғағанды аса ұнатпайды. Қаламгер өз кітаптарын жарнамалаудан, промоторларға қатысудан, өз-өзін көрсетіп, лекция оқудан бас тартатын. Жазушы ешкімге сұхбат бермейді, ол өзіндік әлемінде өмір сүреді. 74 жасар автор алғаш рет халық алдына «Жол» атты романына Пулитцер премиясын алу салтанатында, тележүргүзуші Опра Уинфридің телешоуында көрінген еді. Бұл өз ретінде кітап сатылымының күрт өсуіне әкеліп соқтырды. Миллиондаған оқырман қауымы үшін дарынды қаламгер табылды. Бірақ қалың жұртшылықтың бәрі оның шығармаларын терең түсіне білген жоқ. Қазіргі таңда орыс тілінде Кормак Маккартидің үш романы жарық көрді. Бұлардың барлығына да кино түсірілген. Сондықтан да қысқаша осы кітаптар және аталмыш кітаптар бойынша қойылған фильмдарға тоқталайық.

«Сәйгүліктер, сәйгүліктер...»

«Кешке таман ол атқа отырып, күн батысқа қарай жол тартты. Жел қатты соқпаса да, күн едәуір суық еді, біраздан соң күннің қызғылт дискісі сопақтау келген шеңберге айналып, кейіннен бұлттар арасында мүлдем көрінбей қалды. Ол сол елді-мекенді ерекше жақсы көретін, Кайов округі, Кончо-Ривер жері. Ол дәл осы күн батар уақыттарда келетін, өткені тура осындай мезеттерде күннен түскен көлеңке ерекше әдемі, әсерлі көрінетін, бұндай сәттерде

ол өз өміріне бір шолу жасап, өткен-кеткен дүние көз алдында бейне боп ұзақ тұратын. Бұл көріністердің ішінде өмірдің түрлі кезеңдері де орын алатын: сұрапыл соғыс, емшектегі балаларын ұстаған әйелдер, қан және арпалыс, пәк сезім мен қатыгездік.». (ағылшын тілінен аударған – Сергей Белов, «Шетелдік» баспасы) . Маккарти классикалық вестерндегі образдарды алып, құдды бір суретшідей, философиялық туынды жазды. Басты кейіпкерлер - Джон Грейди Коул мен оның досы Лейси Ролинс – өз отанының өткенін еске түсіріп, аталары мен арғы аталарындай ат басында еркін ойнағанды армандайтын екі жасөспірім. Бірақ олар кеш қалды. Олар 20 ғасырдың 60 жылдары дүние есігін ашты. Тағдырдың жазуыменен олар шытырман оқиға іздеуге жолға шығады. Біраздан кейін олардың қатарына тағы бір қаһарман қосылады, ол – жылқышы Блевинс. Бірақ екі жастың бұл бозбаламен достығы ұзаққа созылмайды. Туынды қарапайым өмір сүре отырып, бақытты болудың қайта оралмас мүмкіндігіне арналған. Кітапта өкініш, қайғы сезімдері де жоқ емес. Қаһармандармен бастар кешірген оқиға-ның барлығы – шыншыл. Шығармада махаббат тақырыбына да едәуір орын бөлінген. Кейіпкер-лер арасындағы диалог тілі – қарапайым, деген-мен де бұл ер адамдар ортасындағы диалог, өйткені ол - қысқа, әрі нақты тұжырымын, көз-қарасын қысқаша, әрі дәл жеткізе алатын бір-ден-бір топ – ол ерлер тобы. Ковбойлық роман-тика, сәйгүліктердің жалынды жүректері, жас-өспірімдердің балалық аңғалдығы мен автордың өмірлік көл-көсір даналығы – бұның барлығы еріксіз оқырманды ойландырып, өз өміріне, жү-ріс-тұрысына деген көзқарасты қайта қарасты-руға итермелейді. Әр адамның өз-өзіне экзис-тенциальдық сұрақтар мен сауалдар қоюына әкеледі. Нағыз қаламкер, сөз өнерінің шынайы шебері Маккарти сауалдарыңызға жауап бер-мейді, ол бұл сұрақтарды өз-өзіңізге қоюға көмектеседі. Сюжетте трагикалық сәттер де бар. Бұл - мен оқыған туындылар арасындағы үздік-терінің, мықтыларының бірі десем артық айт-пағаным. Билли Боб Торнтон жасаған экранизация кітаптардағы кейбір мезеттерді қамтымайды. Фильмге түскен актерлер: Мэтт Дэймон, Пенелопа Крус, Генри Томас және тағы басқалары. Кітап фильмге қарағанда анағұрлым күштірек, экспрес-сив-тірек. Дегенмен де, фильмді дара туынды тұрғысынан қарастырсақ, бұл қойылым да тәуір, жақсы дүниелердің бірі. Бұл фильмдегі бірден-бір мәселе – мұндай ғажап кітапты бейімдеп, киноға айналдырудың өзі оңай шаруа емес.

«Егделерге мұнда орын жоқ»

«Ол мен өз-өзіме тым қатал екендігімді айтты. Бұл – кәріліктің бір белгісі деп айтты. Бұл барып тұрған көнбістік екендігін айтты. Оның сөздерінде үлкен гәп жатыр. Бірақ бұл ақиқаттың тек бір қыры ғана болатын. Самайыңа ақ шалып, бетке әжім түсіретін егделіктің жақсы жақтары аз екендігіне мен келесе кеттім, дегенмен ол бір нәрсенің барын тағы айтты. Ол не екен деп мен сұрадым. «Ол ұзаққа созылмайды» деп ол қысқа жауап қайырды. Мен ол күлім-сіреп, жымияр деп ұзақ күттім, бірақ ол мырс қақпады. Біраздан кейін үнсіздікті мен бұздым. «Иә, қиын екен» дедім. Ол болса «Ақиқаттың еш қиындығы жоқ» деген жауап айтты. (ағылшын тілінен аударған Минушин В. «Азбука-классика» баспа үйі, 2009) . Мәтін ағысы екі бағытта өтеді. Екі миллион долларды тауып алған және қатыгез қылмыскер Антон Чигурдан жасырынып жүрген Ллевелин Мосстың оқиғасы. Екінші оқиға - қылмыскер қалдырған із арқылы оның артынан қалмай, Ллевелинді күтқаруға талпынған шериф Эд Том Белл жайында болмақ. Бұл екі оқиға бірер жерде тоғысады, алайда бұл екі оқиға – екі түрлі әлем іспеттес әртүрлі, өзгеше. Басында кітап көркем жазылған триллер сияқты ерекше әсер қалдырады. Әңгіме баяндаушы кейіпкерлер соңынан жүріп отырады, ерекше сәттерге айрықша көңіл бөледі, қажетсіз, керексіз сөз балластынан аулақ болады. Шығармада тек қаһармандар іс-әрекеті мен диалогқа ғана орын бөлінген. Барлығы сондай дәл, нақты, жинақы түрде баяндалған. Сөзсіз, бұл - қыруар ақша жайлы қарапайым оқиғаның бейімделген нұсқасы. Бірақ бұл қарапайымдылықтың астарында адам жауапкер-шілігі, тәкаппарлық, сараңдық сияқты адамға тән қасиеттер бар. Шын мәнісінде, басты кейіп-кер – шериф-ақсақал. Ллевелин оқиғасы – бұл көлемі және мағыналық мазмұны жағынан ау-қымды дүниенің тек бір бөлігі ғана. Асылында, шығарманың басты қаһарманы – зейнеткерлікке шығуды армандап жүрген полиция қызметкері. Бұл ой-тұжырымдар - бірін-бірі аңдып, атыс-қаннан, ақша соңынан тіміскілеп жүруден әлде-қайда артық. Бұл – кітап жазудағы теңдесі жоқ эксперимент. Ағайынды Итан және Джоэл Коэн-дар кітап негізінде тамаша фильм түсірді. Кино атына да еш өзгерту енгізілген жоқ. Фильм 4 категория бойынша Оскарға ие болды: үздік фильм, үздік режиссура, үздік сценарий және екінші пландағы үздік ер адам рөлі (дарынды Хавьер Бардем). Фильм дәл кітап бойынша түсі-рілген, тіпті ағайынды Коэн-дар кейбір сәттерді әсерлеп,

күшейтіп те жіберген. Мысалы, морал-дық тұрғыдан алғандағы тұрақсыздық және Антон Чигуридің күміс тиынмен ойыны. Әрине, фильмде юморға да арнайы орын бөлінген, бірақ бұл әзіл-сықақтың жеңіл-желпі болғандығы соншалық, оны байқау тіптен оңай емес. Актерлік шеберлік те өте жоғары деңгейде орындалған. Томми Ли Джонс — шериф Эд Том Белл. Джош Бролин — Левелин Мосс. Сварщик пен шөл далада 2 млн. доллар тауып алған, есірткі сатушылардан жасырынып жүрген, Вьетнамдағы соғыс ардагері. Хавьер Бардем — қылмыскер Антон Чигур. Келли Макдональд — Карла Джин Мосс. Вуди Харрельсон — адам өлтіруші Карсон Уэлс. Фильмде музыка жоқ, бұл да минимализм көрсеткіші деп ойлаймын.

«Жол»

«Біз кішкентай алаңқайға жақындық, бала бар пәрменімен оның қолына жармаса түсті. Адамдар өздеріне керектігінің бірін де қалдырмай алып кетті, тек көмір астында жылтырап бір қара зат жатты. Ол сол бұрышқа қарап, ұзақ тұрды, бұл мезетте бала бұрылып, бетімен оның ішіне қарай тиіп кетті. Жан-жағына кезек-кезек қарап, мән-жайды ұғамын ба деген ойменен сәл тұрды, біраздан соң үнсіздікті мынадай сұрақтарымен бұзды: -Бұл не? Не болып қалды? Бала басын шайқап, былай деді:-Ой, әкетай.

Бұрылып, қайтадан сол бұрышқа қарай түсті. Баланың көргені сұмдық еді – күйіп қалған жас сәбидің денесі. Әкесі еңкейіңкіреп, баласын қолына алып, оны жолға қарай апарып, ерекше ілтипатымен құшақтап, былай деді: -Кешірші, Құдай үшін кешірші. Кеш мені». (ағылшын тілінен аударған Степаненко Ю. «Азбука-классика» баспалық тобы, 2010). Кітап шайқалған дүниеде өмір кешіп жүрген әке мен бала жайлы. Олар жылы жақты мекендейміз деген үмітпен оңтүстікке қарай жол тартады. Аптап ыстықты, талай қала мен елді-мекендерді басып өтіп, бұл екеуі алға қарай ұмтылып келеді. Жолда оларға талай бейтаныс адамдар кез болады. Бұлар не мародерлер немесе каннибалдар. Әр кездесу, әр жүздесу – маңызды. Түрлі адамдар кездескен сайын, әке мен бала арасындағы байланыс нығая түседі. Бұл - Кормак Маккартидің алғашқы фантастикалық туындысы. «Егделерге мұнда орын жоқ» кітабында бірнеше апокалипстік ойтұжырымдар бар, адамзаттың құлдырап, тозаққа қарай бір қадам жақындағандығы жайлы сөз қозғалады. Табиғат ластанған, қорек жайы мәз емес, өркениет мүлдем жойылған. Мұндай моралды тұжырым әлем тұрғындарының барлығының дерлік бойын тітіркендіріп, түрліктіріп

жіберді. Мұндай қоршаған ортада тек бірен-сараң адам ғана өздеріне тән кісілік пен адамгершілікті сақтай алды. Бұл шығарма – айналдырадағы адамдардың қатыгездігін көре тұра, өздерінің кішіпейділігі мен жүрек отын сөндірмеген тұлғалар жайында болмақ. Шын мәнісінде, әкесі баладан көп нәрсе үйренеді, тәлім-тәрбие жинайды. Себебі – тек бала жаны ғана пәк, таза, мөлдір, құдды бір кәусар бұлақ іспеттес. Екеуі не істерлерін білмей, дел-сал болып ұзақ жүреді. Оларды не күтіп тұр, алдарында қандай бөгет, тосқауыл бар, бұның бәрі оларға беймәлім еді. Олар тіпті құдайға сенер-сенбестерін де білмейді, екеуі әбден қиналады. «Жол» фильмін (The Road) режиссер Джон Хиллкуот түсірді. Әкесінің рөлін сомдаған - Вигго Мортенсен. Бала образында болған - Коди Смит-Макфи. Әкесінің жадында ғана сақталған, тек сол жерде ғана дәурен кешетін бала анасының рөлін ойнаған - Шарлиз Терон. Хиллкуот бұдан бұрын Ник Кейвдің сценаріі бойынша жазылған, австралияның шөлдерін мекендеген бандиттер жайлы «Ұсыныс» атты фильмін түсірген болатын. Фильм - мұң және қатыгездікке толы. «Жол» фильмін Пенсильвания, Орегон және Луизианың адам қоныстанбаған жерлерінде түсірген. Шөлді жоталар, үлкен пенсильвандық автомагистраль, Питтсбургтың кейбір жерлері, Нового Орлеана елді мекенінің Катрина бораны қиратқан жерлері – бұның бәрі фильмді өзгелерден ерекшелендіреді. Бұның барлығы компьютерлік өңдеуді жеңілдету үшін атқарылған жұмыс. Фильмді музыкамен көркемдеген - Ник Кейв и Уоррен Эллис. Кітапта бар кейбір сәттер, сөзсіз, фильмде жоқ.

Кормак Маккарти – американдық жазушы, драматург. Қазіргі таңдағы үздік қаламгерлердің бірі. Менің сүйікті жазушыларымның бірі. Оның ағылшын тіліндегі барлық кітаптары менде бар. «Егделерге мұнда орын жоқ» және «Жол» кітаптарын қала дүкендеріндегі сөрелерден кездестіруге болады. «Сәйгүліктер, сәйгүліктер...» шығармасының компьютерлік нұсқасын интернеттен алуға әбден болады. Тағы бір жағымды жаңалық, режиссер Тодд Филд 2011 жылы Маккартидің кітабы негізінде «Қанды Меридиан» атты фильм түсіргелі жатыр екен. Сәйкесінше, кітаптың орысша нұсқасы да жақында баспа бетін көрмек. Оқырман қауым асыға күтуде.

Данная статья посвящена произведениям современного американского писателя Кормака Маккарти.

This article is devoted to the works of modern American writer Cormac McCarthy.